

«Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК - ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы
№ 2 хаттама

Жаңақорған кенті

18.06.2024ж

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»

Төрағасы: Д.Турсынхожаев

Хатшы: Н.Асанов

Қатысқандар: 118 адам

Қатыспағаны: 7 адам

Күн тәртібі

1.« Жемқорлықсыз жол: сенімді жол» баяндама

Жауапты: Колледж заңгері Г.Алтыбаева

2.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары»

Жауапты: Әдіскер: Қ.Әбілбашаров

Тыңдалды Колледж директорының уақытша м.а. Д.Турсынхожаев - Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, енесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Сөз алды: колледждің бас есепшісі Г.Маткаримова колледжде «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу туралы» тұрақты комиссия жүйелі жұмыс жасайтынын, тоқсан сайын арнайы іс-шаралар өтетінін атап өтті.

Сөз алды: Колледж заңгері Г.Алтыбаева –оқытушылар колледжде ақша жинауға жол берілмейтіндігін атап өтті.

Тыңдалды:Әдіскер Қ.Әбілбашаров - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесімен таныстырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.Сондай-ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

Сөз алды: әлеуметтік педогог Г.Нақыпбекова Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоютын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.


Шешімі:

1. «Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК-ның ұжымы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының міндеттерімен келіседі және толығымен орындайды.

Орындау мерзімі: тұрақты.

Қаулы етті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын;
Жауапты: Колледж заңгері Б.Мадияр
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы дөңгелек үстел ұйымдастырылсын.
Жауапты: Кәсіподақ комитетінің төрағасы: А.Мампаев

Төраға: _____  _____ Д.Турсынхожаев

Хатшы: _____  _____ Н.Асанов